



**ДСДРО. Құрылу тарихы.
Құрылымы. ДСДРО сайты.**

Орындаған резидент-
неонатологтар: **Карабекова Асем**
Шарханкызы
Жұмашев Азат



РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЦЕНТР
РАЗВИТИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

- *Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 ақпандағы № 133 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері» қаулысымен құрылған болатын.*
- *ДСДРО Жарғысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және әсекешелендіру комитеті төрағасының 2011 жылғы 18 наурыздағы № 179 бұйрығымен бекітілген. Сөйтіп, кәсіпорын 2011 жылдың 25 наурызында Астана қаласының Әділет департаментінде тіркеліп, тіркеу құжаттарын алған.*

*Кейінірек, Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2013 жылғы 10 қазандағы №
1076 қаулысына сәйкес кәсіпорын екі
бөлек ұйымға бөлінеді:*


1. ҚР ДСӘДМ «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК;
2. ҚР ДСӘДМ «Республикалық электронды денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК (ezdrav.kz)

ДСДРО құрудың институционалды базасы

2011 жылы:

- ✓ Республикалық ақпараттық-талдау орталығы (РАТО)*
- ✓ Денсаулық сақтауды дамыту институты (ДСДИ)**

екі ұйым біріктіріліп, ДСДРО құрылды



• *РАТО Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 2017 қаулысымен, облыстық медициналық ақпараттық-талдау орталықтарын біріктіру арқылы құрылды. Орталықты профессор Әбілқасымов Ерасыл Әбілқасымұлы басқарды. РАТО-ның негізгі міндеті денсаулық сақтау жүйесіндегі реформаларға ақпараттық-талдау жасап, сүйемелдеу болатын. РАТО 2011 жылы ДСДРО-ның құрамына кірді.*

• **Денсаулық сақтауды дамыту институты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 18 шілдедегі N 802 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау саласының медициналық және экономикалық проблемалары ғылыми орталығын ашу туралы» Қаулысымен құрылған Денсаулық сақтау саласының медициналық және экономикалық проблемалары ғылыми орталығының құқықтық мұрагері болды.**

Денсаулық сақтау саласының медициналық және экономикалық проблемалары ғылыми

орталығын әр жылдары:


- *Жүзжанов Орманбек Түйекбайұлы*
- *Слажнева Татьяна Ивановна*
- *Әбілқасымов Ерасыл Әбілқасымұлы*
- *Ким Сергей Васильевич*

секілді ҚР денсаулық сақтау саласының белгілі ұйымдастырушылары басқарды.

Денсаулық сақтауды дамыту институтының әр жылдардағы басшылары:

- *Біртанов Елжан Амантайұлы (2005 - 2008 жж.),*
- *Шоранов Марат Едігеұлы(2008- 2009 жж.),*
- *Белоног Анатолий Александрович (2010 ж.),*
- *Қаптағаева Айгүл Қайратқызы (2010-2011 жж.).*

Денсаулық сақтауды дамыту институты Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын реформалаудың және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын ғылыми және әдістемелік тұрғыда сүйемелдеуді қамтамасыз етті. ДСДИ 2011 жылы ДСДРО-ның құрамына кірді.



Дүниежүзілік банк Жобасының ҚР Денсаулық сақтау секторындағы ролі

РАТО мен ДСДИ біріктіріліп, 2011 жылы ДСДРО-ның құрылуы Дүниежүзілік банктің Технологияларды табыстау және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау секторында институционалды реформа жүргізу жобасына сәйкес келді.

Жоба аясында ДСДРО құрамына кіретін негізгі Орталықтар (бөлімшелері) құрылды. Орталықтардың институционалды құрылымдары, базалық технологиялары мен қызметтік әдіс-тәсілдері ең таңдаулы деген халықаралық тәжірибелерге сәйкестендірілді, тиісті кадрлар дайындығымен қамтамасыз етілді.

ДСДРО-ның белсенді атсалысуымен 2011-2015 жж. арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы сәтті іске асырылды. Сондай-ақ, 2016-2019 жж. арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылуда.

ДСДРО құрылғаннан бастап осы кезге дейінгі аралықта Орталықты:

- Құлжанов Мақсұт Кәрімұлы
- Ахметов Уәлихан Исаұлы
- Байжүнісов Ерік Әбенұлы
- Ысмайылов Жұмағали Қазыбайұлы

секілді денсаулық сақтау саласының алдыңғы қатарлы жетекші іскер мамандары басқарды.

Ал денсаулық сақтау саласының білікті ұйымдастырушысы Ермекбаев Қанат Қартайұлы 2015-2017 жылдары Бас директордың кеңесшісі қызметінде болып, ДСДРО жобаларын бірізді қалыптастыруға, денсаулық сақтау саласындағы мүдделі тараптармен серіктестікті дамытуға үлкен үлес қосты.

Айыпханова Айнұр Тоқсанқызы – Бас директор

А.Айыпханова – денсаулық сақтау саласындағы кәсіби басқарушы, аккредитация саласындағы халықаралық сарапшы, сапа менеджменті, Президенттің «Болашақ» бағдарламасы негізінде білім алып, «Қоғамдық денсаулық сақтау» және «Денсаулық сақтауды басқару» мамандықтары бойынша Индиана Университетінің (АҚШ) бакалавриатын және магистратурасын үздік бітірген. 2009-2010 жылдары Денсаулық сақтау саясаты институтының кіші ғылыми қызметкері бола жүріп, Индиана штатындағы St. VincentHealthSystem аурухана кешенінің әкімшілігінде тәжірибе жинақтады.

АҚШ, Германия, Испания, Ұлыбритания, Италия, Австрия, Чехия елдерінде біліктілігін арттырды. Денсаулық сақтау көшбасшылары Америка коллегиясының (АСНЕ) және Денсаулық сақтау саласындағы Ұлттық Сапа Қауымдастығының (НАНҚ) мүшесі.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерген. ҚР денсаулық сақтау саласына халықаралық стандарттарды енгізуде қосқан үлесі үшін 2012 жылы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды. Тұрмыста, екі баласы бар.



Қадағалау кеңесінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі

Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби басқарушы, менеджмент, медицина ғылымдарының докторы, іскерлік басқару магистрі.

Алматы мемлекеттік медицина институтын (1994); Аризона штаты Университетін, Тусон қаласы (1994); Ресей медициналық дипломнан кейінгі білім академиясын бітірген. Денсаулық сақтау менеджменті (2001); Шарите Университеті клиникасы, Берлин, ГФР, Аурухана ісінің менеджменті (2006); Тұран Университеті, экономика (2008); Duke University, Fuqua School of Business, АҚШ, Global Executive MBA магистратурасы (2013).

Еңбек жолы:

- 1991-1994 жж. – Алматы қаласының Орталық клиникалық ауруханасының психоневрология бөлімінде, ЖМКА қарқынды терапия, жан сақтау, токсикология бөлімдерінде мейіргер;
- 1994-1998 жж.- дәрігер-токсиколог, реаниматолог, ЖМКА ақпараттық-консультативтік токсикологиялық орталығының жетекшісі;
- 1998-1999 жж.- Алматы қалалық токсикология орталығының басшысы;
- 1999-2005 жж. - республикалық токсикология орталығының басшысы, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бас токсикологы;
- 2000-2008 жж.- Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институтының клиникалық токсикология курсының оқытушысы, меңгерушісі;
- 2005-2008 жж.- ҚР ДСМ «Денсаулық сақтауды дамыту институты» РМК директоры;
- 2008 ж.- «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2008-2010 жж. - ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі;
- 2010-2012 жж. - «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ-тың Басқарма төрағасы;
- 2012-2014 жж.- «Назарбаев Университет» ДБҰ Атқарушы кеңесі төрағасының кеңесшісі;
- 2014-2015 жж. - «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобаларын қолдау орталығы» ЖШС Басқарма төрағасы;
- 2015 ж. (қараша) - 2017 ж. (қаңтар) - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі;
- 2017 жылдың 25 қаңтарында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Біртанов
Елжан
Амантайұлы

Қадағалау кеңесінің мүшелері

«Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК бас директоры

Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби басқарушы, аккредиттеу саласындағы халықаралық сарапшы, сапа менеджменті, Президенттің «Болашақ» бағдарламасының түлегі. «Қоғамдық денсаулық сақтау» және «Денсаулық сақтауды басқару» мамандықтары бойынша Индиана Университетінің (АҚШ) бакалавриатын және магистратурасын үздік бітірген. 2009-2010 жылдары Денсаулық сақтау саясаты институтының кіші ғылыми қызметкері бола жүріп, Индиана штатындағы St. VincentHealthSystem аурухана кешенінің әкімшілігінде тәжірибе жинақтады.

Еңбек жолы:

- 2010 ж. – «Ұлттық медицина холдингі» АҚ сапа жөніндегі менеджері;
- 2011 ж. – «Ана мен бала ұлттық ғылыми медицина орталығы» АҚ сапа менеджменті және пациент қауіпсіздігі бөлімінің бастығы; «Ұлттық медицина холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының сапа жөніндегі кеңесшісі;
- 2012-2016 жж. – «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ медицина директорының орынбасары;
- 2013-2016 жж. – халықаралық аккредитация бойынша кеңесші, Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан, Біріккен Араб Әмірліктері халықаралық-аккредитацияланған клиникаларындағы JCI жобасының жетекшісі; Дүниежүзілік банктің ҚР аккредитация жүйесі жөніндегі жобасы аясында American Gulf International халықаралық кеңесшісі.

АҚШ, Германия, Испания, Ұлыбритания, Италия, Австрия, Чехия елдерінде біліктілігін арттырды. Денсаулық сақтау көшбасшылары Америка коллегиясының (ACHE) және Денсаулық сақтау саласындағы Ұлттық Сапа Қауымдастығының (NAHQ) мүшесі.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерген. ҚР денсаулық сақтау саласына халықаралық стандарттарды енгізуде қосқан үлесі үшін 2012 жылы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

**Айыпханова
Айнұр
Тоқсанқызы**



**Құлжанов
Максұт
Кәрімұлы**

"Республикалық медициналық палата" ҚБ Басқарма төрағасы

Медицина ғылымдарының докторы, профессор, – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі арқылы жасалатын денсаулық сақтау саласындағы реформаларды әдістемелік және талдамалық қолдау мақсатында құрылған Астана қаласындағы Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының алғашқы бас директоры.

М.К. Құлжанов – Қазақстандағы қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің негізін қалаушы, бұл Орталық Азия аймағында ғана емес, ТМД аймағы бойынша аталған бағыттағы алғашқы ұйым. Ол бұл ұйымды 15 жыл басқарып, халықаралық аренада танытты. Денсаулық сақтау вице-министрі болған (1992-1997) жылдары ол Қазақстандағы медициналық сақтандыру жүйесінің негізін қалаушылардың бірі болды.

100-ден аса медицина ғылымдарының докторлары мен кандидаттарына ғылыми жетекшілік етті. 200-ден астам қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ғылыми жарияланымдардың авторы. Денсаулық сақтау саласындағы дипломат, ерекше басшы, зерттеуші, лектор ретінде тәжірибесі мол. Соңғы кездердегі зерттеушілік және кәсіби қызметінің бағыты – денсаулық сақтау саясаты, жаһандық денсаулық, паллиативтік көмекті дамыту, дені сау қартаю, ментальды денсаулық, т.б.

«Здравоохранение Казахстана» и «Менеджер здравоохранения» атты екі отандық журналдың бас редакторы. Республикалық медициналық палата президенті. Максұт Кәрімұлы түрлі халықаралық кеңестердің мүшесі, отандық денсаулық сақтау саласының мүддесін халықаралық деңгейге танытуда.

"Отееова и К" ЖШС директоры

Медицина ғылымдарының кандидаты. 2001 жылдан «Светоч» отбасылық үлгідегі балалар үйінің балаларын-тәрбиеленушілерін диспансерлік қадағалауды жүзеге асырады. «Астана-Байтерек» әйелдер клубының белсенді қатысушысы. 2007 жылы Астана қаласының Медицина құрылымдары қауымдастығының құрылуына атсалысты. 2010-2011 жылдар аралығы – Астана қаласындағы «ТАН» татар-башқұрт қоғамының төрайымы. 2013 жылдан «Республикалық жекеменшік медициналық құрылымдар қауымдастығы» ЗТҚ төрайымы. 2013 жылдан ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы пациенттердің құқықтарын қорғау кеңесінің қатысушысы. 2015 жылғы 30 қарашадан СБК мүшесі. 2016 жылғы 3-7 қазан аралығында ҚР ДСМ СБК денсаулық сақтау технологияларын бағалау жөніндегі сараптау тобының жұмыс тобының құрамында болды.

**Отееова
Гүлнара
Данифқызы**

Шарман Алмаз

- "Қазақстан Профилактикалық медицина академиясы" ҚБ президенті

Хуэй Вэн Тат

- Назарбаев Университетінің Мемлекеттік саясат жоғарғы мектебінің деканы

**Филиппо
Барточони**

- "Астана Медицина университеті" АҚ атқарушы директоры

Қадағалау кеңесі

Қадағалау кеңесінің хатшысы

Бас директор

Бас бухгалтер

Баспаз қызметі

Денсаулық сақтау саласындағы бастамаларды сүйемелдеу және қайта реттеу қызметі

Электрондық денсаулық сақтауды стандарттау бөлімі

Бас директордың экономика жөніндегі орынбасары

Өкімшілік департаменті

Қызметкерлерді бақырау және құжаттамалық қантанысу егу бөлімі

Экономика және жоспарлау бөлімі

Бухгалтерлік есеп және есептік бөлімі

Құқықтық жұмыстар және мемлекеттік сатып алулар бөлімі

Ақпараттық-техникалық сүйемелдеу бөлімі

Тарифтерді белгілеу орталығы

Тарифтерді әзірлеу бөлімі

Талдау және модельдеу бөлімі

Медициналық-экономикалық талдау бөлімі

Денсаулық сақтау экономикасы орталығы

Денсаулық сақтау жүйесінің экономикасы бөлімі

Қаржыландыруды жетілдіру бөлімі

МҚС және инфрақұрылымдарды дамыту орталығы

Денсаулық сақтау инфрақұрылымдарын дамыту бөлімі

МҚС дамыту бөлімі

Бас директордың орынбасары

Ұтымды клиникалық практика орталығы

Клиникалық хаттамалар бөлімі

Медициналық технологияларды бағалау бөлімі

Стандарттау бөлімі

Сала жөніндегі Бірлескен комиссияның қызмет істеу және ауыстыру секторы

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы

Фармацевтикалық саясатты жетілдіру бөлімі

Ұтымды фармацевтикалық терапия бөлімі

ДЗ, ММБ мен медициналық жабдықтар қажеттілігін анықтау бөлімі

Алматы қаласындағы ДЗОПО аймақтық бөлімі

Акредитация орталығы

Сыртқы көшенді бағалау бөлімі

Акредитация стандарттарын енгізу бөлімі

Акредитацияны жетілдіру бөлімі

Білімді және дағдыларды бағалау орталығы

Білімді бағалау бөлімі

Тәжірибелік дағдыларды бағалау бөлімі

«Қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр» редакциясы

Бас директордың орынбасары

Адам ресурстарды және ғылымды дамыту орталығы

Денсаулық сақтау саласының кадрлық ресурстарының обсерваториясы

Медициналық білімді дамыту бөлімі

Медицина ғылымын дамыту және әдеп бөлімі

Менеджмент орталығы

Менеджментті дамыту бөлімі

Корпоративтік басқару бөлімі

Медициналық көмегі жетілдіру орталығы

Денсаулық сақтау қызметтерін біріктіру және дамыту бөлімі

АМСК дамыту секторы

Стратегиялық даму және қоғамдық денсаулық сақтау орталығы

Стратегиялық бағыттар мониторингі бөлімі

Денсаулық сақтау статистикасы бөлімі

Қоғамдық денсаулық сақтау қызметін дамыту бөлімі

Аймақтық өкілдер

ДСДРО ұжымы

www.rcrz.kz/index.php/kz/2017-03-12-11-12-40/bizdi-zhym

Басшылық

Бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі

Әкімшілік департаменті

Медициналық қызметтерге тарифтер белгілеу

Денсаулық сақтау экономикасы орталығы

Инфрақұрылымдарды және МЖС дамыту

Ұтымды клиникалық практика орталығы

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы

Аккредитация орталығы

Білімді және дағдыларды бағалау орталығы

Адами ресурстарды және ғылымды дамыту орталығы

Менеджмент орталығы

Медициналық көмекті жетілдіру орталығы

Стратегиялық даму және қоғамдық денсаулық сақтау орталығы

ДСДРО сайтының интерфейсы

www.rcrz.kz/index.php/kz/basty-bet-2



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ДАМУ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Қажет тілді
таңдауға
болады



РУС

ҚАЗ

ENG



БАСТЫ БЕТ

БІЗ ТУРАЛЫ

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН

ТҰРҒЫНДАР ҮШІН

БАСШЫЛАР ҮШІН

ТАЛҚЫЛАУ

БАЙЛАНЫС



«100 МӘСЕЛЕ – 100 ШЕШІМ – 100 КҮН»
ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

БӨЛІМГЕ ӨТУ



ЖАҢАЛЫҚТАР

АСТАНАДА ӨТКЕН «МЕДИЦИНАЛЫҚ ГЕНЕТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ...

Астанада ҚР ДСМ Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының ұйымымен бірге Астанадағы медициналық генетика...

Ең соңғы жаңалықтар тізімі

ЛОНДОНДА ISQUA СЕРТИФИКАТТАРЫН САЛТАНАТТЫ ТАПСЫРУ РӘСІМІ ӨТТІ

Лондонда 1-4 қазанда Денсаулық сақтау саласындағы Сапа жөніндегі халықаралық кеңесінің (ISQuA)...

АСТАНАДА ГЕНЕТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТРЕНИНГ ӨТУДЕ

Бүгін Астанада «Медициналық генетиканың өзекті мәселелері» тақырыбына арналған 5 күндік тренинг ...

ДСДРО АҚШ МЕЙІРГЕРЛЕР КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ...

Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы мен National Council of State Boards of Nursing...

ҚАЗАҚСТАН PROVIDING FOR HEALTH ЖАҒАНДЫҚ ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласын қаржыландыру, экономика және денсаулықты әлеумет...

ТАРАЗДА КЛИНИКАЛЫҚ ФАРМАКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ...

Таразда №1 қалалық аурухана базасында клиникалық фармакология және фармация бойынша «Дәрілік зат...

ПАЙДАЛЫ

-  АЛҚА МӘЖІЛІСНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ
-  ҚАЙТА РЕТТЕУ (НҚА ҚАЙТА ҚАРАУ)
-  СБК БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯ
-  КАДР РЕЗЕРВИ
-  МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РЕЙТИНГІ
-  ҒЫЛЫМИ ҰЙЫМДАР МЕН ЖОО РЕЙТИНГІ
-  МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ
-  КОРПОРАТИВТІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ
-  «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МЕНЕДЖЕРІ» ЖУРНАЛЫ
-  ЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОРТАЛЫҚ КОМИССИЯ
-  ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ ҚАРТА-ХАБАРЛАМАЛАРДЫ ТОЛТЫРУ
-  ҚР ДСМ ФАРМАЦИЯ КОМИТЕТІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ



Мамандар
үшін

РУС

ҚАЗ

ENG



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ ЖӘНЕ
БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯ (СБК)

БӨЛІМГЕ ӨТУ

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕСІ ҮШІН

МЕД. ҚЫЗМЕТ САПАСЫ ЖӨНІНДЕГІ БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯ (СБК)

СЕРТИФИКАТТАУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІК САНАТЫ

МЖБС ЖӘНЕ ТОО

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ, ОҚЫТУ

КЛИНИКАЛЫҚ ХАТТАМАЛАР

КЛИНИКАЛЫҚ БАСШЫЛЫҚ

ДӘРЛІК ФОРМУЛЯР

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БАҒАЛАУ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР



Клиникалық хаттамалар тізімі

www.rcrz.kz/index.php/ru/2017-03-12-10-51-13/klinicheskie-protokoly

УТВЕРЖДЕННЫЕ КЛИНИЧЕСКИЕ ПРОТОКОЛЫ

Список Разделы медицины Категории МКБ

Клинические протоколы МЗ РК ▾

Введите название заболевания или его часть

Найти

Найдено 1914

Доброкачественные одонтогенные опухоли челюстей



РЦРЗ (Республиканский центр развития здравоохранения МЗ РК)

Версия: Клинические протоколы МЗ РК - 2017

МКБ-10: Костей черепа и лица (D16.4), Нижней челюсти костной части (D16.5)

Раздел медицины: Челюстно-лицевая хирургия

Абдоминальная травма



РЦРЗ (Республиканский центр развития здравоохранения МЗ РК)

Версия: Клинические протоколы МЗ РК - 2016

МКБ-10: Травма кровеносных сосудов на уровне живота, нижней части спины и таза (S35), Травма неуточненного внутрибрюшного органа (S36.9), Травма органов брюшной полости (S36), Травма тазовых органов (S37)

Раздел медицины: Хирургия

Абсцесс кожи, фурункул и карбункул других локализаций



РЦРЗ (Республиканский центр развития здравоохранения МЗ РК)

Версия: Клинические протоколы МЗ РК - 2014

МКБ-10: Абсцесс кожи, фурункул и карбункул других локализаций (L02.8)

Раздел медицины: Хирургия

Абсцесс легкого



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ДАМУ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

РУС ҚАЗ ENG



БАСТЫ БЕТ БІЗ ТУРАЛЫ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН **ТҮРМӨС ҮШІН** БАСШЫЛАР ҮШІН ТАЛҚЫЛАУ БАЙЛАНЫС

Қарапайым оқырмандар үшін

- «100 МӘСЕЛЕ – 100 АДАМ – 100 КҮН» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ
- МЕДСАҚТАНДЫРУ (МӘМС)
- БАРЛЫҒЫ ДӘРІ-ДӘРМЕК ТУРАЛЫ
- МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ РЕЙТИНГІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ КОЛЛЕГИЯСЫ

БӨЛІМГЕ ӨТУ

Health Care
Doctor
Hospital
Pharmacist
Nurse
Dentist
First Aid
Surgeon
Emergency



ДСДРО қазақстандық серіктестері

88 | www.rcrz.kz/index.php/kz/2017-03-12-11-12-40/bizdi-ariptester

ДСДРО қазақстандық серіктестері



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ



ҚРДСМ ҚОҒАМДЫҚ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КОМИТЕТІ



ҚРДСМ ФАРМАЦИЯ КОМИТЕТІ



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ
АҚЫ ТӨЛЕУ КОМИТЕТІ



СК-ФАРМАЦИЯ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ОРТАЛЫҒЫ



КазМедТех
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО



Шет елдік серіктестері



Всемирная организация
здравоохранения



Всемирная организация
здравоохранения
Европейское региональное бюро



Centers for Disease
Control and Prevention



CANADIAN SOCIETY FOR
INTERNATIONAL HEALTH
LA SOCIÉTÉ CANADIENNE
DE SANTÉ INTERNATIONALE



American
Gulf
International



Кері байланыс үшін

www.rcrz.kz/index.php/kz/2017-03-12-16-22-50



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ДАМУ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

РУС

ҚАЗ

ENG



[БАСТЫ БЕТ](#) [БІЗ ТУРАЛЫ](#) [БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТТ](#) [МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН](#) [ТҰРҒЫНДАР ҮШІН](#) [БАСШЫЛАР ҮШІН](#) [ТАЛҚЫЛАУ](#) [БАЙЛАНЫС](#)

Байланыс

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі 8, 18В кіреберіс
Тел.: 700-950 (ішкі: 1000 - қабылдау бөлмесі).
E-mail: office@rcrz.kz

ҚР ДСМ ұсыныстар қабылдау үшін тұрғындармен және медициналық қоғамдастықпен кері байланысы:
E-mail: 100@rcrz.kz

**Назарларыңызға
рахмет!!!**

